

Жамбыл облысы Тараз қаласының, Жамбыл және Байзақ аудандарының шекараларын өзгерту және белгілеу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 243 бірлескен қаулысы және Жамбыл облысы мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 17-5 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 желтоқсанда № 5252-08 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Тараз қаласы, Жамбыл және Байзақ аудандары әкімдіктері мен мәслихаттарының бірлескен ұсыныстары негізінде Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тараз қаласының шекарасына Жамбыл ауданының жалпы көлемі 11 145,5 гектар жер бөлігін, Байзақ ауданының жалпы көлемі 1 761,2014 гектар жер бөлігін қосу жолымен Тараз қаласының шекараларының жалпы көлемі 31 693,7 гектар болып осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы мен Жамбыл облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес өзгертілсін.

2. Жамбыл ауданының жалпы көлемі 11 145,5 гектар жер бөлігін Тараз қаласының шекарасына беру жолымен Жамбыл ауданының шекараларының жалпы көлемі 412 514,5 гектар болып осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы мен Жамбыл облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес өзгертілсін.

3. Байзақ ауданының жалпы көлемі 1 761,2014 гектар жер бөлігін Тараз қаласының шекарасына беру жолымен Байзақ ауданының шекараларының жалпы көлемі 444 259,80 гектар болып осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы мен Жамбыл облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес өзгертілсін.

4. Осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысының және Жамбыл облыстық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау Жамбыл облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы мен Жамбыл облыстық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Жамбыл облыстық мәслихатының төрағасы

Е. Карашукеев

А. Нуралиев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 243

мен

Жамбыл облыстық мәслихатының

Жамбыл облысы Тараз қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын Жамбыл және Байзақ аудандарының жері бөліктерінің экспликациясы

№	Жерлердің атауы	Жалпы ауданы (гектар)	оның ішінде:						
			ауыл шаруашылығы мақсатындағы жері (гектар)	елді мекендердің жері (гектар)	өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған жер (гектар)	су қорының жері (гектар)	босалқы жер (гектар)	орман қорының жері (гектар)	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи мәдени мақсаттағы жер (гектар)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Тараз қаласының бекітілген шекарасы (шегі)	18 787,0	1 912,0453	1 3 680,9547	3194,00	-	-	-	-
2	Жамбыл ауданының бекітілген шекарасы	4 23 660,00	2 33 944,00	26 204,00	7 918,00	532,00	29 254,00	124	956,00

	(шегі)							852,00	
3	Тараз қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын Жамбыл ауданы Жамбыл, Қаратөбе, Гродеков о, Қарой, Бесағаш, Полатқосшы, Ақбұлым ауылдық округтерінің жерлерін ең ж е р көлемі	11 145,5	5 734,2	3 180,8235	128,6956	163,9925	1937,7574	-	-
4	Байзақ ауданының бекітілген шекарасы (шегі)	4 4 6 021,00	1 5 8 263,00	24123,00	2 241,00	325,00	40 477,00	220 592,00	-
5	Тараз қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын Байзақ ауданы Қостөбе, Ботамойнақ, Қызылжұлдыз, Бурыл ауылдық	1 761,2014	796,203	806,5227	46,6243	21,7288	90,1226		-

	округтері нің жерлерін ен ж е р көлемі							-	
6	Тараз қаласын ың шекарасы (шегі)	31 693,7	8 442,4483	1 7 668,3009	3 369,3199	185,72	2027,88	-	-
7	Жамбыл ауданын ың шекарасы (шегі)	412 514,5	228 209,8	2 3 023,1765	7789,304 4	368,0075	27 316,2426	124 852,00	956,00
8	Байзақ ауданын ың шекарасы (шегі)	4 4 4 259,80	1 5 7 466,80	23 316,48	2194,38	303,27	40 386,88	220 592,00	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК